Бекітемін:

Мектеп директоры:

Абеев С.Е. _____

Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Сабынды ауылының Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ Аға тәлімгердің 2024-2025 жылдың жылдық есебі

2024-2025 оқу жылы

1. Кіріспе

2024–2025 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің тәрбие жұмысына арналған нормативтік құжаттарына, жалпы адамгершілік құндылықтарды, ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жүргізілді. Аға тәлімгер ретінде негізгі мақсатым – тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіру, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал ету.

2. Негізгі бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар

2.1 Азаматтық-патриоттық тәрбие

- – ҚР Тәуелсіздік күні, Жеңіс күні сияқты мерекелерге арналған сынып сағаттары, әдеби кештер мен салтанатты іс-шаралар ұйымдастырылды.
- – «Менің Туым – менің Отаным» патриоттық акциясына оқушылар белсенді қатысты.
- – Рәміздер күніне орай саптық жиын өткізіліп, оқушылар мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуге баулынды.
- 

2.2 Рухани-адамгершілік тәрбие

- – «Адал ұрпақ» ерікті клубының жұмысы тұрақты ұйымдастырылды. Оқушылар адалдық, шыншылдық, кішіпейілділік құндылықтарына тәрбиеленді.
- – Мектепішілік «Мейірімділік – жүрек жылуы» апталығы өтті.
- – Сынып жетекшілерімен бірлесіп адамгершілікке, үлкенге құрмет көрсетуге бағытталған тәрбие сағаттары өткізілді.

2.3 Құқықтық тәрбие

- – «Құқық бұзушылықтың алдын алу» айлығы аясында аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өтті.
- – Оқушыларға арналған құқықтық сауаттылық викториналары ұйымдастырылды.



2.7 Өзін-өзі басқару ұйымымен жұмыс

- – Мектеп Президенті сайланды, оқушылардың бастамасымен түрлі қайырымдылық және мәдени шаралар өтті.
- – «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы жанданды. Мүшелерінің белсенділігі артты.





3. Ата-аналармен және қоғамдастықпен байланыс

Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылды. Жеке кеңестер, тәрбиеге қатысты пікір алмасу жиналыстары өткізілді.
Мектептің ішкі тәртібін сақтау және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытында жергілікті қоғамдастықпен бірлесе жұмыс жүргізілді.

4. Жетістіктер

«Оқушылардың Өзін өзі басқару көшбасшысы» аудандық кезең байқауына Аллаберген Алиша қатысып II-орынға иеленді. Аға тәлімгердің жетекшілігімен бірнеше оқушы түрлі деңгейдегі олимпиадалар мен байқауларға қатысты.





2.5 Эстетикалық тәрбие

- – Мектеп оқушылары аудандық және мектепішілік көркем өнер байқауларына, ән-би, сурет конкурстарына белсене қатысты.
- – «Алтын күз», «Наурыз – көктем мерекесі» сынды ұлттық салт-дәстүрге





- негізделген кештер өткізілді.
-

2.6 Спорттық және салауатты өмір салтын насихаттау

- – «Денсаулық фестивалі», «Қыз балалар арасындағы спорттық эстафета» секілді іс-шаралар ұйымдастырылды.
- – Апта сайын дене шынықтыру белсенділігін арттыру мақсатында спорттық жарыстар өткізілді.



5. Қиындықтар мен ұсыныстар

Ұсыныстар:

- – Оқушылар арасында көшбасшылық қабілетті арттыру мақсатында жүйелі семинарлар ұйымдастыру
- – Мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру
- 6. Қорытынды

2024–2025 оқу жылында Үсенов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде тәрбие жұмыстары жоспарлы түрде, жүйелі ұйымдастырылды. Оқушылардың адамгершілік, патриоттық, құқықтық сана-сезімі қалыптасты. Келесі оқу жылында бұл бағыттағы жұмыстарды жетілдіре түсу көзделіп отыр.

Аға тәлімгер: Муханова Самал Асқарқызы

Күні: «25» мамыр 2025 ж.